

## ТӘРБИЕШІ БОЛУ – БАҚЫТ



*ШҚО, Өскемен қаласы  
AMI balabagsha MONTESSORIYA  
Тәрбиеші  
Жоламанова Нурбану Қайратовна*

«Ұстазы мықты елдің - ұстамы мықты болады»

Халық даналығы

Бүгінгі заман талабы білімді де білікті, өздігінен тығырықтан шығуға жол таба білетін, өмірге икемді тұлғаны тәрбиелеуді қажет етеді. Ұстаз – ұлы есім. Өмірге күн нұрын төккендей, білім беру мекемесіндегі «тәрбиеші», «педгог» сөздерінің өзі жылы лебізбен шуақ шашқан таң айдарының сәулесі жағымды түскендей қалай естіледі!

Ғалымдар, халық қаһармандары, ақындар, балқытушылар, егіншілер, бақташылар, ғарышкерлер – барлығы да ұстаздан, тәрбиешіден тәрбие мен білім алып қанаттанады, осындай ұлы педагогтарды бүкіл адамзат құрметтейді. Себебі еңбекқор талантты, дарынды, мейірімді педагог - ел абыройы.

Әрбір педагог өз Отанынын шексіз сүйетін білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениетті жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға міндетті. Ұйымдастырылған оқу қызметі әрекетінде әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану, баланың жеке басын құрметтеу, білім беру- қазіргі оқытудың негізгі талабы. Өйткені балалардың барлықтарының ойлау қабілеті бірдей емес. Сондықтан бұл мәселеге психологиялық тұрғыдан қарап, педагогикалық әрекет, әдістемелік шеберлікпен қадам жасау керек. Қазіргі таңда білім саласында заман талабына сай жаңғыру, жанару салдарынан әрбір қадам жасалынған сайын үздіксіз өзгерістер мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі тәрбиешілерге үнемі креативті болып отыруды талап етеді. Жаңа формацияның қазіргі заманғы ұстазы оқытудың, оқудың және тәрбиенің жаңа заманауи мазмұнымен жабдықталған, баланың жеке басын дамыту үшін педагогикалық орта құруға қабілетті, білім беру әлемінде бәсекеге қабілетті жаңа ұрпақтың дамуына барынша үлес қосып отыратын рухани таза, дүниетанымдық көзқарасы жан-жақты дамыған, қоршаған ортамен байланыс жасай алатын тұлға болуы керек.

Біздің алдымызда, тәрбиешілер алдында, жаңаша білім беру талаптарына сай электронды жабдықтарға негізделген жаңа ақпараттық технологиялармен ұштастыра отырып, сапалы білім беру міндеті тұр. Бұл - біздің заманымыздың үлкен жетістігі, қазіргі заманғы отандық педагогиканың алтын дінгегі, балабақша жұмысының негізі. Ақпараттық технологияларды пайдалана отырып оқытудың тиімді екі сипаттамасы бар. Біріншісі - білім сапасын арттырады, екіншісі - әлемдік өркениеттің жетістіктерін игеруге мүмкіндік береді. Осы екі фактордың үйлесуі егемен еліміздің болашағы үшін, Қазақстанның жас ұрпағын өзінің жеке өмірі мен қоғамының игілігі үшін, күш-жігері мен біліміне тарту үшін пайдалы болады.

Халық даналығында «Ұстаз-тәрбиеші мықты болса, позициясы мықты» деп бекер айтпаған. Өйткені, ұстаз-тәрбиеші алдымен толыққанды саналы тұлға ретінде өзін-өзі жан-жақты білім нәрімен сусындап, содан кейін ғана балаларды өзінің жетегіне ілестіріп, білім-тәрбие бере алатын маман болуы керек.

